

Қазақстан Республикасының аумағында кино-, бейнешығармаларды көпшілікке көрсету Ережелері туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің ҚАУЛЫСЫ 1995 жылғы 5 шілде N 926. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996.12.06 N 1494 Қаулысымен.

"Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 17 наурыздағы Жарлығын орындау үшін, Қазақстан Республикасының аумағында кино-, бейнешығармаларды көпшілікке көрсетуді тәртіпке келтіру мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының аумағында кино-, бейнешығармаларды көпшілікке көрсетудің қоса беріліп отырған Ережелері бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының аумағында кино-, бейнешығармаларды кинотеатрларда, бейне және басқа да залдарда (меншік нысанына қарамастан) көпшілікке көрсету, оларды тираждау және жалға беру пункттері мен бейнеханалар арқылы тарату, сондай-ақ эфирлік және кабельдік теледидар арқылы көрсету Қазақстан Республикасының өкілетті мемлекеттік органынан тиісті рұқсат қағаз алған соң ғана жүзеге асырылады.

М ұ н д а й р ұ қ с а т :

халықаралық телекинофестивальдар мен басқа да мәдени шаралар шеңберінде көрсету үшін шетелден әкелінетін;

бұрынғы КСРО Мемкиносынан прокаттаудың рұқсат куәлігі бар; осы ережелер күшіне енгізілгенге дейін алынған ТМД мемлекеттерінің жалға беру куәліктері бар шығармалар үшін талап етілмейді.

3. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы "Қазақкино"
" мемлекеттік компаниясы :

- кино-, бейнешығармаларды көпшілікке көрсетуге, тираждау

мен таратуға, сондай-ақ оларды эфирлік және кабельдік теледидар арқылы көрсетуге рұқсат қағаз беретін болсын;

- мүдделі министрліктермен, мемлекеттік комитеттермен және ведомстволармен бірге қолданылып жүрген заң актілеріне жоғарыда аталған Ережелер талаптарын бұзғаны үшін жауапкершілікті көздейтін толықтырулар енгізу туралы заң күші бар Жарлықтың

жобасын әзірлеп, Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1995 жылғы 5 шілдедегі
N 926 қаулысымен
БЕКІТІЛГЕН

Қазақстан Республикасының аумағында кино-,
бейнешығармаларды көпшілікке көрсету

Е Р Е Ж Е Л Е Р І

I. Жалпы қағидалар

1. Қазақстан Республикасының аумағында кино-, бейнеқондырғылары бар барлық мекемелер, ұйымдар мен кәсіпорындар, меншік нысанына қарамастан, тек Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы "Қазақкино" мемлекеттік кинокомпаниясы (бұдан былай - "Қазақкино" мемкинокомпаниясы) берген прокаттаудың рұқсат куәлігі бар кино-, бейнешығармаларды ғана көрсетуге құқылы.

2. Республикалық, облыстық, қалалық теледидардың, коммерциялық арналардың, кабельдік және спутниктік теледидарлардың құқық иеленушінің рұқсатымен тек прокаттаудың рұқсат куәліктері бар отандық және шетелдік кино-, бейнешығармаларды ғана көрсетуге құқы бар.

3. Кино-, бейнешығармаларды көпшілікке көрсетуде көрермендер аудиториясын жас шамасына қарай шектеуді білдіретін индекстердің мынадай жүйесі енгізіледі:

- Л - кез-келген аудитория үшін,
- Д - балалар аудиториясы үшін,
- Д+ - арнаулы балалар сеанстарынан басқасы,
- Д++ - 16 жасқа дейінгілер жіберілмейді,
- С - 18 жасқа дейінгілер жіберілмейді.

"С" индексті кино-, бейнешығармаларды кешкі және түнгі сеанстарда заңдармен белгіленген тәртіп бойынша тіркелген кино-, бейнеқондырғыларда

ғана көпшілікке көрсетуге жол беріледі.

"С" индексті кино-, бейнешығармалар сеансына билет сататын орындарда көрермендер аудиториясына жас шамасына қарай қойылатын шектеулер көрсетілген көлемі кем дегенде 50 X 100 см арнайы хабарландыру дайындалуға т и і с .

"Д ++" индексті кино-, бейнешығармалар теледидар арналары арқылы жергілікті уақыт бойынша сағат 22.00-ден кейін, ал "С" индексі барларын сағат 00.00-ден таңғы сағат 05.00-ке дейін көрсетуге жол беріледі.

4. Осы Ережелерді бұзушылық Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жауапкершілікке әкеп соғады.

II. Прокаттаудың рұқсат куәліктерін ресімдеу мен берудің тәртібі мен шарттары

5. Прокаттаудың рұқсат куәлігі кино-, бейнешығарманы көпшілікке көрсетуге құқық беретін құжат болып табылады.

6. Прокаттаудың рұқсат куәлігін алу Қазақстан Республикасында жасалған (оның ішінде шетелдік әріптестердің қатысуымен жасалған), сонымен қатар басқа елдерден сатып алынған және Қазақстан Республикасының аумағында көпшілікке көрсетуге арналған бейнешығармалар үшін міндетті болып табылады.

7. Жалға беру куәлігі бар кино-, бейнешығармалардың жалға алу құқығын сатып алғанда жеке немесе заңды тұлға заңмен белгіленген тәртіп бойынша прокаттау куәлігінің нотариат куәландырған көшірмесін алуы қажет.

8. "Қазақкино" мемкинокомпаниясының прокаттаудың рұқсат куәлігін беру кино-, бейнешығарманы меншіктеушінің немесе оны прокаттау құқығын иеленушінің прокаттаудың рұқсат куәлігін беру туралы өтініші түскен жағдайда жүргізіледі. Оны беру туралы шешімді "Қазақкино" мемкинокомпаниясы ұсынылып отырған кино-, бейнешығарманы міндетті түрде көріп шыққан соң қ а б ы л д а й д ы .

9. Осы Ереженің 3-тармағының қағидаларына сәйкес кино-, бейнешығарманы индекстеу "Қазақкино" мемкинокомпаниясының міндетіне кіреді және бұл туралы прокаттаудың рұқсат куәлігінде жазылады.

10. "Қазақкино" мемкинокомпаниясының кино-, бейнешығарманы индекстеу туралы шешімі меншік нысанына қарамастан кино-, бейнеойын-сауық кәсіпорындары мен киноқондырғылардың иелері, прокаттау құқығының иелері мен теледидар мекемелері үшін міндетті болып табылады.

11. Кино-, бейнешығармаға прокаттаудың рұқсат куәлігін алу үшін оның иесі немесе прокаттау құқығының иегері мыналарды:

"Қазақкино" мемкинокомпаниясына өтінішін;

өтінішін берушінің өнімге деген иелік құқығын растайтын құжатты (шетелдік кино-, бейнешығармалар үшін - прокаттау құқығын сатып алуы туралы шарттың нотариат куәландырған көшірмесі мен кино-, бейнешығарманы Қазақстан Республикасының әкелгені туралы кеден куәлігін);

кинофильмнің техникалық талаптарға сай келетін көшірмесін немесе кино-, бейнешығарма мен жарнамалық киноролик жазылған кассетаны;

монтаж (диалог) парақтарының бір данасын кино-, бейнешығарманың қысқаша түсініктемесімен қоса ұсынуы қажет. Монтаж парақтары соңғы бетінде өтініш берушінің мөрімен расталады.

12. Жалға берудің рұқсат куәлігі белгіленген үлгідегі бланкіде ресімделеді, оған уәкілдік берілген адамның қолы қойылады және мөрі басылады. Әрбір куәлікке жеке номер беріледі. Куәлік алынған соң кино-, бейнешығарма Қазақстан Республикасының Кино-, бейнешығарманың кейіннен атауы өзгерген жағдайда Қазақстан Республикасының Кино-, бейнешығармалар регистрінің бірыңғай каталогінде номері өзгертілмей тиісті жазу жазылады.

Прокаттаудың рұқсат куәлігіне мынадай деректер енгізіледі:

кино-, бейнешығарманың толық атауы; шығу деректері авторлардың шығармашылық құрамындағы адамдардың (сценарийшінің, қоюшы режиссердің, қоюшы оператордың, суретшінің, композитордың, жетекші рольдерді орындаушылардың) фамилияларының тізбесін қоса;

шығарманы жасаған және оның иесі болып табылатын кино-, бейне кәсіпорынның атауы;

прокаттау құқығының иесі болып табылатын ұйымның атауы; прокаттау мерзімі (отандық өнім үшін - мерзімі шектелмеген, шетелдік өнім үшін - құқықты сатып алу жөніндегі шартқа сәйкес);

кино-, бейнешығарманы көпшілікке көрсетуге жас шамасына қарай қойылатын және басқа да шектеулер.

Кино-, бейнешығармаларға жалға берудің рұқсат куәлігін ресімдеу мен беру өтініш берілген, кино-, бейнешығарманың көшірмесі мен құжаттарды ұсынғаннан кейін 15 күннен кешіктірмей жүзеге асырылады. Кино-, бейнешығарманың көшірмесі мен монтаж парақтары Мемлекеттік республикалық кинофильмдер қорына (Мемфильмқорына) сақтауға өткізіледі, ол осы материалдардың коммерциялық мақсатта пайдаланылмауына кепілдік береді. Осы кепілдіктердің бұзылуына кінәлі лауазымды адамдар келтірілген зиянды кино-, бейнешығарманың құқық иесіне сот белгілейтін мөлшерде өтейді.

